

ҚЫЗЫЛҚОҒА АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЫ

18 сәуір 2023 жыл

№VI

Миялы ауылы

1-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Қызылқоға аудандық қоғамдық кеңесі №VI отырысында аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы, аудан әкімінің орынбасары Е.А.Иғалидың баяндамасын тыңдап, талқылап аудандық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

Аудан әкімінің орынбасары Е.А.Иғалидың ауданда жасалып жатқан жұмыстар және алда тұрған міндеттер туралы есебі мақұлданын.

2-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Қызылқоға аудандық қоғамдық кеңесі №VI отырысында қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Қ.Ізбасқанның баяндамасын тыңдап, талқылап аудандық қоғамдық кеңесі отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

Аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Қ.Ізбасқанның аудандық қоғамдық кеңестің 2022 жылғы атқарған жұмысының есебі мақұлданын.

3-мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, күн тәртібіндегі мәселені тыңдап, талқылап, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.«Қызылқоға ауданы бойынша халықты ауыз сумен қамту бағытында атқарылған жұмыстары туралы» «Казсушар» РМК Атырау филиалы Қызылқоға өндірістік учаскесінің бастығы С.Теміргалиевтің, «Теміржолжылу- Атырау» ЖШС-нің Сағыз телім бастығы С.Досымбаевтың, «Мұздыбұлақ- Қарабау» топтық су құбыры «Ахмет» жеке кәсіпкері Н.Аяпбергеновтің Қызылқоға ауданы бойынша халықты ауыз сумен қамту бағытында атқарылған жұмыстары жайы атқарған жұмыстарынан хабарлама мақұлданын.

2.«Кереген» бекетінде демалыс бөлмесі болмауынан қызметкерлердің су сорғысы бөлмесіне демалып жүргендігін ескертіп, жоғары басшылыққа қызметтік хат жіберу, қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау; (А.Қосымбаев, С.Досымбаев)

3. Ауыз су құбырынан ақау шыққан жағдайда жөндеу үшін тұрғындар мен су беру мекемесі арасында келісімшарт жасау; (А.Қосымбаев, С.Досымбаев, А.Рысжанов, С.Темірғалиев)

4. Су есептегіш құрылғыларды (сметчик) орнату; (А.Рысжанов, С.Темірғалиев)

5. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысына (А.Аймұратова) «Миялы-Жангелдин-Жасқайрат» топтық су құбырына ай сайын мониторинг жүргізіп отыру;

6. Аталған қарардың жүзеге асуын бақылауда ұстау аудандық қоғамдық кеңес жанындағы «Экономика, өңірлік даму, экология, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымды дамыту және коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі комиссияға» (төрағасы А.Изимова) тапсырылсын;

7. Аудандық қоғамдық кеңестің ҚАРАРЫ шаралар алу үшін тиісті мекемелерге жолдансын және орындалуы жөніндегі хабарламаны 2023 жылдың қазан айына Кеңес хатшысына табыстау ұсынылсын.


4- мәселеге:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, аудандық қоғамдық кеңес отырысы **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылқоға ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақтау нормаларын бекіту туралы және Қызылқоға ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерлі бекіту» туралы мәслихаттың шешім жобасынан жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалар анықталған жоқ.

2. Қызылқоға аудандық қоғамдық кеңесі жобаны ұсынған мемлекеттік органға осы хаттамаға сәйкес Ұсыным берсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы:



Ж.Ізбасқан

Қоғамдық кеңес хатшысы:



А.Ардақызы